# ШЕШІМ
# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН

2023 жылғы 21 желтоқсан №1112-23-00-2/3377 Көкшетау қаласы

Ақмола облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрағалық етуші судья А.А.Жакупов қойылған талап бойынша оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен азаматтық істі қарады:

**ТАЛАПКЕР:**
Көкшетау қаласы әкімдігінің жанындағы «Көкшетау жылу» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

**ЖАУАПКЕР:**
«Жетісу тігін фабрикасы «Айсұлу» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

**ТАЛАПКЕРДІҢ ТАЛАПТАРЫ:**
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы

**<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>**

АПК-нің 117, 223-226, 267-4 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

## ШЕШІМ ЕТТІ:

Көкшетау қаласы әкімдігінің жанындағы «Көкшетау жылу» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының «Жетісу тігін фабрикасы «Айсұлу» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қою – қанағаттандырылсын.

«Жетісу тігін фабрикасы «Айсұлу» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«Жетісу тігін фабрикасы «Айсұлу» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Құжатқа қол қойылған: Жакупов А. А., 21.12.2023
Заңды күшіне енген күні: 30.01.2024, судья Жакупов А. А., 31.01.2024
1112-23-3-1/3874

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

**Судья** **А.А. Жакупов**

Құжатқа қол қойылған: Жакупов А. А., 21.12.2023

Заңды күшіне енген күні: 30.01.2024, судья Жакупов А. А., 31.01.2024

1112-23-3-1/3874